

Тақырып:
Қылмыстық құқық бұзушылыққа
сыбайлас қатысу

Жоспар:



Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу

Нормативтік материал:




Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының
2001 жылғы 21 маусымдағы нормативтік қаулысы

**«Соттардың бандитизм және қылмысқа қатыса отырып,
басқа қылмыстар жасағаны үшін жауапкершілік туралы
заңнаманы қолдануының кейбір мәселелері туралы»**

Заңнамалық анықтама


- **Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысу – екі немесе одан да көп адамның қасақана қылмыстық құқық бұзушылық жасауға қасақана бірлесіп қатысуы (ҚР ҚК 27-бабы).**



**Сыбайлас
қатысудың
белгілері:**

Объективтік

Субъективтік



**Сыбайлас
қатысудың
объективтік
белгілері:**

Сандық

Сапалық



Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудың ОБЪЕКТИВТІК белгілері:


- 1) сандық белгі** – қылмыстық құқық бұзушылыққа ақыл-есі дұрыс, қылмыстық жауаптылық жасына толған екі немесе одан да көп адамның қатысуы.
- 2) сапалық белгі** – қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың әрекеттерінің бірлесіп жасалуы.

Ақыл-есі
дұрыс
болуы

Екі немесе
одан да көп
адамның
қатысуы

Қылмыстық
жауаптылық
жасына
жетуі


САНДЫҚ
БЕЛГІЛЕР



Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудың түсінігі және белгілері

Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудың САПАЛЫҚ белгісінің мазмұны:

- қатысушылардың әрекеті бірін-бірі толықтырып отырады және ортақ нәтижеге жетудің қажетті шарты болып табылады;
- туындаған қылмысты нәтиже барлық қатысушыларға ортақ болады;
- әрбір қатысушының әрекеті мен ортақ қылмысты нәтиже арасында себептілік байланыстың болуы



Нәтижесінде
ортақ
зардаптың
туындауы

Әрекеттерді
өзара
ықпалдаса
отырып жасау


Себептілік
байланыс

Сапалық
белгі -
БІРЛЕСУ



Қылмыстық құқық бұзушылыққа сыбайлас қатысудың СУБЪЕКТИВТІК белгісі:

Қатысушылардың қасақана кінәсінің ортақ болуы – адам өз әрекетінің қоғамдық қауіптілігін, оның өзге адамның қоғамдық қауіпті әрекеттерімен бірлікте жасалып жатқанын ұғынады, ортақ қылмысты нәтиже туындайтынын болжайды, бірлесуді және осы нәтиженің туындауын қалайды немесе саналы түрде жол береді.



**Қазақстан Республикасының қылмыстық
заңнамасындағы
қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысу мәселелерін
құқықтық реттеу жолдары:**

**Қатысудың жалпы
мәселелері
ҚР ҚК-нің Жалпы бөлімімен
реттеледі**

**Қатысу нысандары ҚР ҚК-
нің Ерекше
бөлімінде саралаушы белгі
ретінде ескеріледі**

ҚР ҚК-нің Ерекше бөлімінде

**түрлі
қылмыстық топтар құрғаны
үшін жауаптылық
орнататын арнайы
нормалар көзделеді**

Қатысушылардың түрлері (ҚР ҚК 28-бабы)

Жүзеге асыратын әрекеттерінің сипатына қарай қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың ТҮРЛЕРІ:

Орындаушы

Ұйымдастырушы

**Айдап
салушы**

Көмектесуші

Орындаушы:

- 1) Қылмыстық құқық бұзушылықты тікелей орындаған адам**
- 2) Қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға басқа адамдармен бірге тікелей қатысқан адам (қоса орындаушы)**
- 3) Қылмыстық құқық бұзушылықты басқа адамдарды (есі дұрыс емес, қылмыстық жауаптылық жасына толмаған, абайсызда әрекет еткен) пайдалану арқылы жасаған адам**

Ұйымдастырушы:

- 1) Қылмыстық құқық бұзушылық жасауды ұйымдастырған адам**
- 2) Қылмыстық құқық бұзушылықтың орындалуына басшылық жасаған адам**
- 3) Қылмыстық топты құрған адам;**
- 4) Қылмыстық топқа басшылық жасаған адам**

Айдап салушы:



- **Басқа адамды азғыру, параға сатып алу, қорқыту жолымен немесе басқа да тәсілмен қылмыстық құқық бұзушылық жасауға көндірген адам.**

Көмектесуші:



ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ КӨМЕКТЕСУШІ –

кеңестерімен, нұсқауларымен, ақпарат берумен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен, сондай-ақ қылмыскерді, қаруды немесе қылмыс жасаудың өзге құралдарын, қылмыстың ізін не қылмыстық жолмен табылған заттарды жасыруға күні бұрын уәде берген адам, сол сияқты осындай заттарды алуға немесе өткізуге күні бұрын уәде берген адам

- **ӘРЕКЕТПЕН КӨМЕКТЕСУШІ – қылмысты жасайтын қару немесе құралдар берумен не қылмысты жасауға кедергілерді жоюымен қылмыстың жасалуына жәрдемдескен адам**

Қатысу нысандары (қатысушылар арасындағы өзара әрекеттестіктің сипаты мен тәсіліне қарай):

1.

- **Адамдар тобы** – қылмыстық құқық бұзушылықты жасауға екі немесе одан да көп орындаушының алдын ала сөз байласпай бірлесіп қатысуы

2.

- **Алдын ала сөз байласқан адамдар тобы** – қылмыстық құқық бұзушылыққа оны бірлесіп жасау туралы күні бұрын уағдаласқан адамдардың қатысуы

3.

- **Қылмыстық топ** – ұйымдасқан топ, қылмыстық ұйым, қылмыстық қоғамдастық, трансұлттық ұйымдасқан топ, трансұлттық қылмыстық ұйым, трансұлттық қылмыстық қоғамдастық, террористік топ, экстремистік топ, банда немесе заңсыз әскерилендірілген құралым

Қылмыстық топтың түрлері:

	Түрлері	Түршелері
1	Ұйымдасқан топ	
2		Трансұлттық ұйымдасқан топ
3		Террористік топ
4		Экстремистік топ
5		Банда
6		Заңсыз әскерилендірілген құрама
7	Қылмыстық ұйым	
8		Трансұлттық қылмыстық ұйым
9	Қылмыстық қоғамдастық	
10		Трансұлттық қылмыстық қоғамдастық

Қылмыстық топтың түрлері:

ҰЙЫМДАСҚАН ТОП – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатында алдын ала біріккен екі немесе одан да көп адамдардың тұрақты тобы (ҚР ҚК 3-баб. 36-тарм.).

Ұйымдасқан топтың белгілері:

1.

- Бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсаты

2.

- Алдын ала бірігу

3.

- **Тұрақтылық** (топтың құрамының тұрақтылығы, оның мүшелерінің өзара тығыз байланыстылығы, олардың келісе отырып әрекет жасауы, қылмыстық қызметтің формалары мен тәсілдерінің тұрақтылығы, оның өмір сүруінің ұзақтығы)

Қылмыстық топтың түрлері:

ТРАНСҰЛТТЫҚ ҰЙЫМДАСҚАН ТОП – екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-баб. 35-тарм.).

Трансұлттық ұйымдасқан топтың белгілері:

1.

- Қылмыстық құқық бұзушылықтың екі немесе одан да көп мемлекеттің аумағында жасалуы

2.

- Қылмыстық құқық бұзушылықтың бір мемлекеттің аумағында жасалуы, егер іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқару басқа мемлекеттің аумағында жүргізілсе

3.

- Қылмыстық құқық бұзушылықтың бір мемлекеттің аумағында, бірақ басқа мемлекеттің азаматтарының қатысуымен жасалуы

Қылмыстық топтың түрлері:

- **БАНДА** – қаруды не қару ретінде пайдаланылатын заттарды қолданып немесе қолдану қатерін төндіріп азаматтарға немесе ұйымдарға шабуыл жасау мақсатын көздейтін ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-баб. 7-тарм.)



Қылмыстық топтың түрлері:

- **ЗАҢСЫЗ ӘСКЕРИЛЕНДІРІЛГЕН ҚҰРАМА**
– Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген, әскерилендірілген типтегі ұйымдық құрылымы бар, жеке-дара басшылыққа ие, соғысқа қабілетті, қатаң тәртіпке бағынған құралым (бірлестік, жасақ, дружина немесе үш және одан да көп адамнан тұратын өзге де топ) (ҚР ҚК 3-баб. 18-тарм.)




Қылмыстық топтың түрлері:

- **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҰЙЫМ** – қатысушылары ұйымдық, функционалдық және (немесе) және оқшауланған топтарға (құрылымдық бөлімшелерге) бөлінген ұйымдасқан топ (ҚР ҚК 3-баб. 25-тарм.).



Қылмыстық топтың түрлері:

- **ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҰЙЫМ**
– екі немесе одан да көп мемлекеттің не бір мемлекеттің аумағында іс-әрекет жасауды ұйымдастыру немесе оның орындалуын басқа мемлекеттің аумағынан басқару кезінде, сол сияқты басқа мемлекеттің азаматтары қатысқан кезде бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылық жасау мақсатын көздейтін қылмыстық ұйым.



- **ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ – бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты бірлесіп жасау үшін сөз байласқан екі немесе одан да көп қылмыстық ұйымның бірігуі, сол сияқты осы қылмыстық ұйымдардың кез келгенінің бір немесе бірнеше қылмыстық құқық бұзушылықты өз бетінше жасауына жағдайлар жасау (ҚР ҚК 1-баб. 23-тарм.).**

Қылмыстық топтың түрлері:

Қылмыстық
ұйым



Қылмыстық
ұйым



Қылмыстық
қоғамдастық



Қылмыстық топтың түрлері:

- **ТРАНСҰЛТТЫҚ ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚОҒАМДАСТЫҚ** – екі немесе одан да көп трансұлттық қылмыстық ұйымдардың бірлестігі (ҚР ҚК 3-баб. 33-тарм.)

Қылмыстық топтың түрлері:

Траснұлттық
қылмыстық
ұйым



Трансұлттық
қылмыстық
ұйым



Трансұлттық
қылмыстық
қоғамдастық



Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шектері

- **Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушылардың жауаптылығының шектері**
қатысушылардың әрқайсысының қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуына қатысуының сипаты және дәрежесімен айқындалады (ҚР ҚК 29-бабы).

Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шектері

Саралау ережелері



Ең басты мәселе – қылмыстық топтың түрін дұрыс анықтау



Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шектері

Орындаушының әрекеттері ҚК-тің Ерекше бөлімінің белгілі бір бабы бойынша 28-бапқа сілтеме жасамай сараланады.

Ұйымдастырушы, айдап салушы, көмектесушінің әрекеттері ҚК-тің Ерекше бөлімінің орындаушының әрекеттері сараланған бабы бойынша, бірақ 28-бапқа сілтеме жасай отырып сараланады.



Қатысушылардың қылмыстық жауаптылығының негізі мен шектері



Қылмыстық құқық бұзушылыққа қатысушының шектен шығушылығы (эксцесс) – адамның басқа қатысушылардың қасақана кінәсімен қамтылмайтын қылмысты жасауы.





Шектен шығушылықтың түрлері:

1) **сандық** – орындаушы басқа қатысушылармен уағдаласқан қылмысты жасайды, бірақ әлдеқайда ауыр зардаптар келтіреді;

2) **сапалық** – орындаушы басқа қатысушылармен уағдаласқан қылмыспен қатар өзге бір қылмыс жасайды.

Қатысушының шектен шығушылығы үшін басқа қатысушылар қылмыстық жауаптылыққа тартылмайды.



Қылмыстық құқық бұзушылыққа жанасушылық


**Басқа адамның қылмысты
әрекеттеріне орай пайда
болатын және қылмыскерді
әшкерелеуге кедергі келтіретін
қасақана қоғамдық қауіпті
әрекет**

**Жанасушының әрекеті орындаушының әрекетімен себептілік
байланыста болмайды**

Жанасушылықтың түрлері

- 1) Қылмысты күні бұрын уәде бермей жасыру (ҚР ҚК 432-бабы)
- 2) Қылмыс туралы хабарламау (ҚР ҚК 434-бабы)
- 3) Қылмысқа жол берушілік

L/O/G/O



Назарларыңызға рахмет!